

ХАТТАМА _____

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің дайындаған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары» туралы Презентациясын таныстыру

20.07.2026 ж

Атырау қаласы

Өткізілген орны: ШЖҚ КМК Атырау облыстық офтальмология ауруханасы, офтальмология жұмыс чаты

Іс-шараны өткізген: Комплаенс - офицер

Қатысқандар: қызметкерлер - 79

Күн тәртібі:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы жаңа талаптарды түсіндіру және қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша хабардарлығын арттыру.

Таныстырылды:

Комплаенс-офицер тарапынан Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптары түсіндірілді. Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің дайындаған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары» туралы Презентациясын аурухананың жұмыс чатына жіберіліп, таныстырылды.

Қызметтік өкілеттіктерді жеке мүддеге пайдалануға, мүдделер қақтығысына жол беруге, заңсыз сыйлықтар мен материалдық игіліктерді қабылдауға жол берілмейтіні айтылды. Сонымен қатар қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын ала анықтау, мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда бұл туралы уақтылы хабарлау және белгіленген ішкі тәртіп пен заң талаптарын сақтау қажеттігі түсіндірілді.

Қаулы етілді:

1. Қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын қатаң сақтасын.
2. Мүдделер қақтығысы және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жағдайда комплаенс-офицерге дереу хабарлансын.
3. Заңнама талаптарын түсіндіру бойынша профилактикалық жұмыстар тұрақты түрде жүргізілсін.

Комплаенс-офицер: Салиманова Б.

